

## Шектеу іс-шараларын алу туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Темір қаласының әкімінің 2015 жылғы 11 қарашадағы № 38 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8 тармағына сәйкес және Темір аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2015 жылғы 11 қарашадағы № 14-01/212 ұсынысы негізінде Темір қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Темір қаласына қарасты Жамбыл ауылы аумағында мүйізді ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауыруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық – санитарлы іс – шараларды жүргізумен байланысты белгіленген шектеу іс – шаралары алынсын.

2. Темір қаласы әкімінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 25 "Шектеу іс – шараларын белгілеу туралы" (номативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4021 тіркелген, 2014 жылғы 19 қыркүйек "Темір" газетінде жарияланған, "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесінде 2014 жылдың 15 қыркүйек айында ресм жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Темір қаласы әкімінің аппаратының бас маманы Р. Абдрахмановаға жүктелсін.

*Темір қаласы әкімі*

*М.С. Әкімов*